

**Көксу аудандық орталық ауруханасы МКК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл бойынша семинар-кеңес
хаттамасы**

15.09.2025 жыл

Балпық би ауылы

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көксу аудандық орталық ауруханасы» компаниясы қызметі семинар кеңес өткізді;

Қатысқандар: медицина қызметкерлері
Комплаенс-офицер Нұржігітова С.Б.

Күн тәртібі:

- Қазақстандық актриса әрі продюсер Айнұр Ілиясова іс жүзінде орталық қызметкерін бопсалады деп айыптаған болатын, - деп хабарлайды Tengrinews.kz

Комплаенс маманы – С.Б.Нұржігітова А.Н. Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығында орын алған жағдайды түсіндіріп өтті. Актриса әрі продюсер Айнұр Ілиясова А.Н. Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының анестезиолог дәрігері жазбасын жариялады. Алматыда аталған мекемеде анасына ота жасалған соң одан ақша талап еткен. Актрисаның айтуынша, дәрігер шұғыл хабарласу үшін қалдырылған байланыс нөмірін пайдаланып, ақша аударуды сұрап хабарламалар жаза бастаған.

"Ол маған хат жазып, ақша талап ете бастады. Емхана директорына мәселені карауды өтініп, ресми хат жаздым. Бірақ мұндай әрекеттерді тоқтатудың орнына баяғы анестезиолог дәрігер отадан айығып жатқан анама қайта келіп, "қызын тыныштандыруды" талап ете бастады. Бұл онсыз да ауыр халде жатқан науқасқа жасалған қысым», — деп жазды Ілиясова.

"Әдеп жөніндегі комиссия Қ.-ның әрекетінде тәртіптік теріс қылық белгілері бар, сондықтан ол тәртіптік жауапкершілікке тартылады деген қорытындыға келді. Сонымен бірге, Орталық қызметкерлері тарапынан медициналық этика ережелерін бұзудың басқа фактілері анықталған жоқ", - деп хабарлады медициналық мекеме.

Альназарова анестезиологтың өзі 2025 жылдың 22 тамызында жұмыстан кету туралы өтініш бергенін, сонымен қатар орталықта қызметкерлермен этикалық

нормаларды қатаң сақтау қажеттігі туралы жоспардан тыс профилактикалық семинар жұмыстары жүргізілгенін айтты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу және олардың салдарын жою жөніндегі өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл субъектілерінің қызметі.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактусу туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл өзге де жолмен жәрдемдесетін адам мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен көтермеленеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылға жәрдем көрсететін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен беріледі. Аталған ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Комплаенс офицер: Нұржігітова С.Б.

